

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№1 Хаттамасы**

Өткізілген күні: 08 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері. Балабақша педагогтері

Күн тәртібінде:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
3. Балабақша тәрбиеленушілерінің сапалы тамақтануын ұйымдастыру мәселесі.

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгеруші-әдіскері Несипбаева Р.М. сөз сөйлеп, жаңа оқу жылына қамқоршылық кеңес құрамын бекітіп, кеңес мүшелері таныстырылып, олардың міндеттері түсіндірілді. 2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын таныстырылды. Жоспарда кеңестің негізгі қызмет бағыттары, тәрбиелеу мен оқыту процесіне қолдау көрсету, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналармен өзара ынтымақтастық мәселелері қамтылғаны айтылды. Сонымен қатар меңгеруші балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру, ас мәзірін бекіту және тамақ сапасын қоғамдық бақылау туралы баяндады. Тамақтану сапасын бақылауға қамқоршылық кеңес мүшелерін тарту ұсынылды.

2. Кеңес мүшелері төмендегі құрам негізінде бекітілді:

1. Төраға: ата-аналар комитеті - Суликова Алия
2. Төрағаның орынбасары: ата-аналар комитетінің мүшесі - Құдайбергенова Мая
3. Хатшы: Байтасова Динара
4. Тулегенова А.С. – жеке кәсіпкер
5. Тайшиева Р. - қоғамдық кеңес мүшесі
6. Жумағалиева Лиза – ата- ана
7. Базарбай Лаура – ата – ана

Ұсынылған мәселелерді талқылап, қамқоршылық кеңестің жұмысы балалардың жан-жақты дамуына және балабақша қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталуы қажет екенін атап өтті.

Қаулы етті:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Балалардың сапалы тамақтануын бақылау мақсатында кеңес мүшелерінің қатысуымен қоғамдық бақылау ұйымдастырылсын.
4. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

